



БҰЙРЫҚ

11.11.2024
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 128
город Атырау

**Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің «№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»
КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1) тармағына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес және «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті РММ -нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығы, Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 қазандағы №15 14 санды хаты бойынша №5 «Аққу» бөбекжай-бақшасының 2024 жылғы 11 қарашадағы кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 11 қараша -18 желтоқсан аралығында мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілсін.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде комиссия құрамы бекітілсін:
 - Акбергенова Г.А.- комиссия төрайымы, бөбекжай-бақша меңгерушісі;
 - Султангалиева Г.К.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша әдіскері;
 - Тюлебаева Н.Т.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша психологі;
 - Балгимбаева З.К.-комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша медбикесі;
 - Джоламанова Б.С.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша тәрбиешісі.
 - Бекешова Б.Н. - комиссия хатшысы, бөбекжай-бақша тәрбиешісі.
3. Комиссия білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша комиссия мүшелерімен есептер дайындалсын:

4. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2024 жылдың 18 желтоқсанға дейін қорытындылансын.
5. 2024 жылғы 18 желтоқсанда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.
6. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдарының қорытындысына құжаттарды дайындау үшін жауапкершілік бөбекжай-бақша әдіскері Г.К.Султангалиеваға жүктелсін.
7. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдарының қорытындысын бөбекжай-бақшасының интернет-ресурсына (сайт) орналастыру хатшы Б.Бекешоваға жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Г.А.Акбергенова

Бұйрықпен танысты:

Г.К.Султангалиева

Н.Т.Тюлебаева

З.К.Балгимбаева

Б.С.Джоламанова

Б.Н.Бекешова